

Семей Медицина Университеті
Жақ-бет және пластикалық хирургия кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Жедел жәрдемді ұйымдастыру.
Қазақстан Республикасындағы ауруханаға қарсы шоктар
(бөлімдер)

Орындаған: Алимбетова Ж.
Топ-402
Стоматология факультеті
Тексерген: Андабаев А.С.

Семей-2018ж

Жоспар:

I.Кіріспе;

II.Негізгі бөлім:

- Жедел медициналық жәрдем қызметінің ұйымдастырылуы;
- Жедел медициналық жәрдем міндеттері;
- ЖМЖ қызметінің ұйымдастырылу принциптері;
- ЖМЖБ құрылымы;

III.Қорытынды;

IV.Пайдаланған әдебиеттер.



Жедел медициналық көмек

Жедел жәрдем деп тәулік бойы адам өміріне қауіп төндіретін аурулар мен ауыр жағдайлар туындаған сәттен немесе оқиға болған жерден бастап, емдік-профилактикалық мекемеге жеткізгенге дейінгі уақыт аралығында, науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсетеуге ұйымдастырылған жүйені атайды.

Жедел медициналық жәрдем бекеттері міндетіне мыналар кіреді:

Ауруханаға дейінгі кезеңде науқастың немесе оны қоршаған адамдардың денсаулығына және өміріне қауіп төнген жағдайда, кенеттен болған аурулар, созылмалы аурулардың асқынуы, бақытсыз жағдайлар, жарақаттар, уланулар, жүктіліктің және босанудан кейін асқынулар болған жағдайда ЖМЖ көрсету;

Науқастарды емдеу-профилактикалық мекемелерге тасымалдау;

Төтенше жағдайларда, табиғат, жол апаттарында жою жұмыстарына белсенді араласу;

Бригадалардың шақыруға шығу уақытының мерзімдері:

- Жедел медициналық жәрдем — 4 минутқа дейін
- Жедел тасымалдау — 30 минутқа дейін
- Жоспарлы тасымалдау — 90 минут аралығында



Жедел медициналық жәрдем қызметінің ұйымдастырылуы

- ❖ Жедел медициналық жәрдем қызметі қазіргі кезеңде қоғамдық маңызы зор медициналық көмектің бірі болып саналады.
- ❖ Қазақстан азаматтарына бұл көмек мемлекеттік кепілдік беру бағдарламасына сәйкес тегін көрсетіледі.
- ❖ ЖМЖ мекемелері қызмет атқару үшін Мемлекеттік басқару органдарынан лицензиясы болуы сонымен қатар оның маман қызметкерлері жүйелі түрде біліктілігін арттыру , аттестациялау және сертификациялаудан өтіп отыруы керек

ЖМЖБ жұмысын ұйымдастырудың негізгі талаптары:

- ❑ ЖМЖБ жұмысын ұйымдастырудың негізгі талаптары:
- ❑ тәуліктің барлық уақытында ЖМЖ тұрғындардың толық қолы жетуі;
- ❑ ауруханаға дейінгі әр-түрлі медициналық көмектің түрлерін жылдам және дер кезінде көрсетуі;
- ❑ барлық категориядағы жарақаттанғандар мен науқастарға қажетті ЖМЖ көлемін көрсету үшін жоғары білікті медициналық мамандармен қамтамасыз етілуі;
- ❑ нақтылы медициналық мекемелерге кідірусіз жатқызудың қамтамасыз етілуі.

Жедел жәрдем (жедел медициналық көмек) міндеттері:

- Жедел жәрдем (жедел медициналық көмек) міндеттері:
- Санитарлық транспортпен тасымалдауды қажет ететін науқастар немесе жараланғандар тасымалы
- Қоғамдық немесе өндіріс орындарында, көшеде, мекемелерде жарақат алғандарды тасымалдау
- Жедел хирургиялық және созылмалы, инфекциялық аурулары бар науқастарды тасымалдау
- Шұғыл науқастарға арнап ауруханаларда орын бөлу, жедел қан құюлар кезінде қан жеткізу немесе шұғыл консультациялар кезінде мамандарды жеткізу.
- Ғылыми-практикалық, әдістемелік және санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу.
- Жарақаттар мен оқыс оқиғаларды болдырмау мақсатында жасалатын шараларға қатынасу.
- Криминалды жарақаттарды (пышақтау, ату) жергілікті құқық қорғау органдарына, ал шұғыл жағдайларды (су тасқыны, өрт, жол-көлік оқиғалары) жергілікті билік органдарына хабардар ету.

Жедел медициналық көмек персоналының негізгі қызметі:

- Әртүрлі жағдайдағы(ауырып қалғандар, емдік-профилактикалық мекемелерден тыс жағдайлар, табиғи апаттар, катастрофалар) науқастарға стандартты медициналық көмекке сүйене отырып, тәулік бойы, уақытында, сапалы медициналық жәрдем көрсету.
- Шұғыл ауруханалық көмек қажет ететін зардап шеккендер мен инфекциялық науқастарды уақытында тасымалдау.
- Жедел медициналық станция көмегіне жүгінген науқастарға, амбулаторлы науқастарды қабылдауға арналған кабинеттерде медициналық көмек көрсету.
- ЖМКС қызмет атқаратын аймақтағы барлық оқыс оқиғалар мен ситуацияларды денсаулық сақтауды басқарудың муниципалды органдарына жеткізу.
- Жедел медициналық көмек бригадаларының біркелкі комплектілігі, яғни ЖМК бригадасы барлық құрал-жабдықтармен, ауысымы реттелген медициналық персоналдармен толық қамтамасыз етілуі керек.

ЖМЖ қызметінің ұйымдастырылу принциптері:

- Географиялық белгілері бойынша
 - -қалалық
 - -ауылдық бөлімшелер, пункттер
- Ауруханалармен қарым-қатынасы бойынша және әкімшілік басқару типі бойынша
 - -өз бетінше бекеттер
 - -біріккен (ауруханалардың құрамында)
 - -қалаларда –көп салалы ауруханалармен бірге
 - -ауылдық жерде-орталық аудандық ауруханамен
- ЖМЖ беру принциптері бойынша
 - -шақыртудың түрі - ауру, жарақат, қайғылы оқиғаның түріне қарай
- Қаржыландыру көзі бойынша
 - мемлекеттік және мемлекеттік емес болуы

ЖМЖБ қызметінің ұйымдастырылуы

- ЖМЖБ – тұрғындары 30 мың адамнан асатын қалалар мен аудан орталықтарында ұйымдастырылады және жеке емдеу-профилактикалық мекеме болып табылады немесе қалалық жедел жәрдем ауруханасының құрамына бір оның құқықтық бөлімі ретінде кіреді.
- Тұрғындарының саны аз қалалар мен аудандарда жедел медициналық жәрдем бөлімдері қалалық, аудандық ауруханалардың құрамында ұйымдастырылады
- Ірі қалалар мен аудан орталықтарында ЖМЖ бекеттерінің құрамында қосалқы бекеттер (бөлімшелер) ұйымдастырылады.

Қосалқы бекеттер

- Қосалқы бекеттер 15 минут ішінде көлікпен жету есебімен құрылады.
- Тұрғындары 70 мыңнан асқан қалалар мен аудан орталықтарында балаларға ЖМЖ көрсету үшін арнайы балалар бригадасы, 100 мыңнан асқан елді мекенде арнайы психиатриялық бригада құрылады.

- ЖМЖ бекетінің бригадаларымен жеткізілген жарақаттанғандар мен науқастар аурухананың қабылдау бөлімінде шұғыл қаралып, қажет болса, ауруханада бос орынның бар- жоғына қарамастан жатқызылады.
- Аурухананың қабылдау бөлімінде ЖМЖ бигадасын 10 минуттан артық кідіртуге болмайды (науқас немесе жарақаттанғанды аурухананың кезекші дәрігеріне өткізетін уақыт).



- ❖ ЖМЖ бекеттері өз жұмыстарын емдеу-профилактикалық, Ішкі істер министрлігінің мекемелерімен және ҚР төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің бөлімшелерімен тығыз байланыста жүргізеді.
- ❖ Табиғи және техногенді сипатты төтенше жағдайда дер кезінде емдеу-эвакуациялау, медико-санитарлы, эпидемияға қарсы шаралармен тұрғындарды қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастыру үшін ЖМЖ бекеттері Республикалық апат медицинасы орталығының бөлімшелері мен Қазақстан Республикасының төтенше жағдай жөніндегі Агенттігінің басқаруымен жұмысын атқарады.

ЖМЖБ құрылымы

- оперативті диспечер бөлімі;
- байланыс бөлімі;
- медициналық статистика бөлімі архивпен бірге;
- емханалық ауруларды қабылдау бөлімі;
- бригадалардың медициналық жабдықтарын сақтайтын бөлме және медициналық жинақтарды жұмысқа дайындайтын бөлме;
- медикаменттерді сақтайтын өртке қарсы және қорғаныс дабылымен жабдықталған бөлме ;
- дәрігерлердің, орта мед персоналдың және жүргізушілердің демалатын бөлмесі;
- кезекші персоналдың ас ішетін бөлмесі;
- әкімшілік-қожалық және басқа мекемелер;
- гараж, жабық тұрақтар-бокстар, қоршалған автокөліктер тұратын аумақ

ЖМЖ бригада дәрігерінің жауапкершілігі

- ЖМЖ желілі бригада дәрігері заңмен қарастырылған тәртіп бойынша жауапты;
- ЖМЖ бригадасының жұмысын ЖМЖ дәрігерлері үшін бекітілген салалық өлшемдерге, ережелер мен стандарттарға сәйкес сапалы ұйымдастыруға;
- науқастың денсаулығына нұқсан келтіретін немесе оның өліміне әкелетін құқыққа қарсы әрекеттер мен әрекетсіздікке.
- Әкімшілік жауапкершілік – қылмыстық кодекстегідей емес, бірақ әкімшілік құқықты бұзғаны үшін заңды жауапқа тартылатын заңның түрі.
- Тәртіптік жауапкершілік – еңбек құқығын бұзғандарға қолданылатын ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, қызметтен босату сияқты шараларды қолдану түрлері.



ЖМЖ шақырту тәртібі

- ❑ ЖМЖ бригадалары «03» кейбір аймақтарда «103» телефоны немесе өзбетінше, «101», «102», «051» шақыртылуы мүмкін.
- ❑ ЖМЖ бригадалары ЖМК көрсету үшін келесі жағдайларда жіберіледі:
 - ❑ төтенше жағдайларда;
 - ❑ өмірге қауіп төндіретін кенеттен болған ауруларда;
 - ❑ Келесі жағдайларда көмек көрсетіп, арнайы медициналық мекемелерге тасымалдайды:
 - ❑ босанғанда және жүктілік ағымының асқынуында;

- 1 жасқа дейінгі балаларға;
- жіті және денсаулығының күрт нашарлап кетуіне байланысты әр-түрлі созылмалы аурулардың асқынуында;
- емдеу дәрігерінің шақыртуымен денсаулығына қарай зембілмен, санитарлы автокөлікпен тасымалдауды қажет ететін жол жөнекей медициналық көмекке мұқтаж науқастарға;
- Науқасты тасымалдау үшін көлікті шақырған емдеу дәрігері өз аты-жөнін, жұмыс орнын атап, бригада келуін күтуі қажет.
- жіті және денсаулығының күрт нашарлап кетуіне байланысты әр-түрлі созылмалы аурулардың асқынуында;
- емдеу дәрігерінің шақыртуымен денсаулығына қарай зембілмен, санитарлы автокөлікпен тасымалдауды қажет ететін жол жөнекей медициналық көмекке мұқтаж науқастарға;
- босанғанда және жүктілік ағымының асқынуында;
- 3 жасқа дейінгі балаларға;

Бригада түрлері жіктеледі:



Жедел жәрдемдегі сызықтық бригада

❖ **Сызықтық бригадалар:**

- ❖ Дәрігерлік: Дәрігер, 2 фельдшер(немесе фельдшер және медбикеден) санитар және жүргізушіден тұрады.
- ❖ Фельдшерлік: 2 фельдшерден немесе фельдшер және медбикеден, санитар, жүргішуден құрылады

❖ **Сызықтық бригада ерекшеліктері:**

- ❖ Жедел көмек бригадасының негізгін құрайды. Барлық шақыртуларды қамти алады. Шақыртулар себебіне қарай әрі кезектілігін қамтамасыз ету мақсатында «дәрігерлік» және «фельдшерлік» деп бөлінеді.
- ❖ «Дәрігерлік шақырту » себептері: қант диабеті, кардиологиялық және неврологиялық аурулар, балаларға шақыртулар.
- ❖ «Фельдшерлік шақырту» себептері: іш ауруы, ауыр емес жарақаттар, науқастарды поликлиникадан стационарға тасымалдау.

Жедел жәрдемнің арнайы бригадасы

- ❖ Арнайы бригада — ерекше қиын жағдайларда, профильді шақыртуларда, сонымен бірге сызықты бригадалар шақыртулардағы жағдайды түзей алмаған жағдайларда. бірінші болып баратын бригада.
- ❖ Арнайы бригада оқиға болған орында жедел жәрдем көлігінде жасай алады:
 - ❖ Қан құю,
 - ❖ Қан кетуді тоқтату,
 - ❖ Трахеотомия,
 - ❖ Жасанда тыныс алдыру,
 - ❖ Жүректің жасанды массажы
 - ❖ Сонымен қатар диагностикалық тексеру жасайды:
 - ❖ ЭКГ түсіру,
 - ❖ протромбинді индексті анықтау,
 - ❖ Қан кету ұзақтығы және т.б.

Арнайы бригаданың орындай алатын міндеттері:

- диагностикалық,
- емдік -реанимациялық аппаратура
- дәрілік препараттар.



Арнайы жедел жәрдем бригадалар бөлінеді:

Кардиологиялық — жедел кардиопатологиямен ауыратын науқастарды тасымалдау және шұғыл кардиологиялық көмек көрсетумен айналысады.

Реанимациялық — шекаралық және терминалды жағдайлар кезінде шұғыл көмек көрсетеді.

Педиатриялық — балаларға шұғыл көмек көрсету және тасымалдаумен шұғылданады, сонымен бірге жақын жердегі емдеу мекемесіне жеткізеді.

Психиатриялық — психологиялық бұзылыстары бар науқастарға жедел көмек көрсету және тасымалдаумен қатар оларды жақын арада орналасқан психиатриялық стационарға жеткізеді. Науқас жағдайына байланысты күш қолдануына және еріксіз ауруханаға жатқызуға құқығы бар.

— Наркологиялық — наркологиялық науқастарға, алкогольді делирий және ұзақ ішкілікке салынған науқастарға шұғыл көмек көрсетуге бағытталған.

Неврологиялық — жедел немесе созылмалы неврологиялық және нейрохирургиялық аурулардын асқынуы болған жағдайда жедел көмек көрсетеді.

— Травматологиялық — түрлі аяқ - қол жарақаттары мен басқа дене мүшелерінің жарақаттары, биіктен құлау және басқа жарақаттар кезінде көмек көрсетеді.

Жедел жәрдем медикаменттер тізіміне кіреді:

- анальгетиктер (морфин, омнопон, промедол, анальгин),
- жүректік гликозидтар (коргликон, строфантин),
- ОНЖ және тыныс алу орталықтарының стимуляторлары (кофеин, кордиамин, камфорное масло, стрихнин),
- симпатомиметиктер (адреналин, норадреналин, мезатон),
- нейроплегиялық және тыныштандыратын препараттар(аминазин, сульфат магния),
- ганглиоблокаторлар (пентамин, бензогексоний),
- спазмолитиктер (амилнитрит, папаверин, эуфиллин, дибазол),
- холинолитикалық (атропин, платифиллин),
- антигистаминдік препараттар (димедрол, супрастин, пипольфен),
- Са тұздары (глюконат и хлорид),
- гормоналды препараттар (гидрокортизон, инсулин),
- диуретикалық препараттар (лазикс, новурит и др.),
- витаминдер (В1, В6, В12, С, РР, К),
- антиаритмиялық препараттар (новокаинамид),
- антидоттар (унитиол),
- натрий хлоридінің изотоникалық ерітіндісі немесе дистилденген су, глюкозаның 40% ерітіндісі, 0,5 және 2% новокаин ерітіндісі, полиглюкин

Жедел жәрдем екі режимде қызмет атқарады:

- Күнделікті
- Төтенше жағдайлар кезінде



Қорытынды:

- ❖ Жедел медициналық жәрдем адам өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенде – сәтсіз оқиғалар мен кенеттен болған жіті ауруларда көрсетілетін медициналық көмек жүйесі ретінде пайда болды.
- ❖ Бүгінде бұл жедел жәрдем бекеттері мен ауруханаларының, санитарлық авиация мен ғылыми-зерттеу институттарының тармақталған жүйесінен тұратын бірыңғай күшті сала.
- ❖ Біздің елімізде жедел медициналық жәрдем құрамы мен ұйымдастырылуы денсаулық сақтаудың жалпы даму деңгейімен анықталады. ЖМЖ қызметі бүгінгі қоғамның дамуына әлеуметті маңызыды медициналық көмектің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтарына бұл көмек Мемлекеттік бағдарлама бойынша тегін жүргізіледі.
- ❖ Республика тұрғындарына жалпы медициналық қызмет ету жүйелерінің ішінде жедел медициналық жәрдем қызметінің орны ерекше.

Пайдаланған әдебиеттер:

- Турланов К.М., Калкабаева С.А. Жедел медициналық жәрдем беру. Алматы. 2004ж
- Руководство по скорой медицинской помощи. Под ред. Багненко С.Ф., Верткина А.Л., Мирошниченко А.Г.- М., 2008
- Руководство по скорой медицинкой помощи. Под ред. В.М.Михайлович,2004г